

Ұлт ұлағатының жаршысы

Профессор М.Қозыбаев сонау 70-жылдардың басында-ақ республикадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ететін ғалымдардың алдыңғы қатарынан көрінді. Сол кезеңнің өзінде-ақ ол Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ тарихшыларының басын қосып, Ресейдің отаршылдық саясатын талдап, ұлт-азаттық қозғалысының ортақ заңдылықтарын ашты. Оларды әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігінде қарауды ұсынды. Тарихшылардың алқалы жиынында орыстың отаршыл саясатының түп тамыры қайда жатқанын батыл айта білді.

Иә, бұл ұлтжанды қазақ зиялыларының күні әлі оңынан тумаған кез еді. Ұлт тарихы кешегі тәуелсіздікке дейін орыс империясының, одан қалды, жеке басқа табыну идеологиясының қанды шеңгелінен шыға алмады. Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысының ақиқатын айтамын деп есіл ер Ермахан Бекмаханов итжеккенге айдалса, ғұлама-ғалымдар, Мәкеңнің ұстаздары Әлкей Марғұлан, Ақай Нүсіпбеков, Сақтаған Бәйішев, т.б. ағаларымыз өз ойларын ашық айта алмай дүниеден өтті. Біз олардың көзін көрдік. Кездескенде олар бізге бір жұмбақ адамдай көрінетін.

Олардың ізбасары М.Қозыбаевқа да тоталитаризмнің шарпуы тимей қалған жоқ. 1973 жылы Мәкеңнің Зоя Голиковамен бірлесіп жазған «Золотой фонд партии» атты еңбегі тұтқындалып, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің үкімімен отқа жағылды. Жазығы – сол кездегі Қазақстандағы кадр даярлау, өсіру, қызметке тағайындау принциптерінің орасан зор бұрмалаушылығының бет-пердесін ашып, ашық айтқандары. Жазығы – тарихқа қиянат жасамағаны, ақиқаттан алыс кете алмағаны. Осындай жағдайлар көп жылдар бойы Мәкеңнің ғылыми ізденіс аясын тарылтып, оның азаматтық өсу жолына үлкен тосқауыл болғаны да рас.

Сөйтіп жүргенде, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздіктің таңы атты, тарихшылардың жұлдызды сәті туды, Мәкеңнің екінші тынысы ашылды. Ол өз әріптестерімен бірге қолына қаламын алып, үйдегі-түздегі архивті ақтарып, өткен ақтаңдақтар ізіне түсті. Сөйтіп, «Алаш – алаш болғалы, Алаш атқа мінгелі, ала шұбар ту байлап, Алашқа ұран бергелі Әлім еді ағасы» – деп Мұрат Мөңкеұлы айтқандай, Манаш Қабашұлы ел тарихшыларының нокта ағасы ретінде көш бастай жөнелді.

Шындығына келсек, тарих ғылымының ешуақытта «алтын ғасыры» болған емес. Өйткені, әрқашанда ол өз заманының саясаткерлерінің, басшыларының ықпалында болды. Дегенмен, өз кезеңімізді, өз еліміздегі соңғы 20 жылды алсақ, бұл ешкімге жалтақтамай, өзіміздің елдігімізді қайта танып жатқан, өткен жолдарымызды, жинаған рухани қазыналарымызды ой сарабынан өткізіп, халық назарына қайта ұсынып жатқан заман. Қазақ елін, оның рухын, өркениетін, тапқанын, жоғалтқанын жан-жақты зерттеуге бұдан бұрын мұндай мүмкіндік, еркіндік, кеңшілік болған жоқ.

Осындай рухани жаңғыру процесін бастап, оған белсене қатысып жүрген Елбасы Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздікті тарихи тұрғыдан негіздеу керектігін жан-тәнімен түсінді, тарихшылар ізденісіне жол ашып, өзі көш бастады, мүмкіндік туғызды. Осының арқасында ұлттық тарихи сана тәрбиесін негіздеу күн тәртібіне қойылды. Осы реттен де Нұрсұлтан Әбішұлы «Тарих толқынында» атты еңбегінде қазақ мәдениеті мен өткен тарихымыз хақында соны және терең пікірлерін ел назарына ұсынды. Көптеген елдерден және өз тарихымыздан қазақтар туралы жазба деректерді молынан жиюға арналған кең көлемді «Мәдени мұра» бағдарламасы дүниеге келді және ол орындалу үстінде.

Міне, осының бәрін ескере отырып, біздің қазіргі кезеңіміз тарих ғылымы үшін алтын ғасыр демесек те, оның жұлдызы жанған жылдар деп толығынан айтуымызға болады. Осы тұста тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында тарихшылар әулетіне көсемдік еткен Мәкең отантану ғылымының жаңа концепциясын жасауға кірісті. Мәкеңнің зерттеулері негізінде Қазақстанның Ресейдің отарына айналу процесі қазақ халқының ұлттық

мүддесі тұрғысынан қайта қаралды, еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстардың жаңа концепциясы жасалынды, Кеңес Одағы кезіндегі саяси қуғын-сүргін тарихы зерттелді, оның құрбандары ақталды.

Ауылдарды күштеп ұжымдастыру мен қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру тарихы мен оның қасіретінің салдарлары ашық айтылды. Ұлы Отан соғысы зардабының бұрын айтуға да, жазуға да болмайтын тұстары жария болды, Қазақстанның тарихнамасы жаңа тұрғыдан зерделенді.

Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-қорқып, ат-тонын ала қашқан кезде: «Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық сананың өсу процесінің құрамдас бөлігі», – деп алғаш айтқан Мәкең болды. Қазақстан тарихнамасында Мәкең бірінші болып «халқымыз қараңғы еді, мәдениеті төмен, сорлы еді» деген тезиске қарсы шықты. «Дала этикасы – ол тағылар этикасы емес» деді Мәкең. «Ол көшпенділер өркениетінің этикасы. Ол – он үште ұлды ұлан етіп жеткізген, он алтыда қызды бұлаңдатып бойжеткізген халықтың этикасы. Ол – сұлулықты, батырлықты, парасаттылықты төбесіне көтерген халықтың этикасы».

Академик М.Қозыбаев Ермақтың тексіз, бауқеспе қарақшы екендігін, Ресей шіркеуінің Ермактан әулие жасауының арамзалығын, Ресей империясының отаршылық саясатының түп негізін жан-жақты ашты. Мәкеңнің қаламынан туған «Ашаршылық ақиқаты», «Казахстанская трагедия», «Жауға шаптым ту байлап», «Ермак: аңыз бен ақиқат», «История и современность», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Тарих зердесі» (екі кітап), «Дала өркениеті және қазақ халқы», «Қазақстан на рубеже веков: размышления и поиски» (екі кітап), тағы басқа көптеген туындылары халықты тарихқа жақындатып, ұлттық тарих ғылымының бас-аяғын жинап, бағытын айқындап, қалың оқырманның тарихи санасының шындалуына зор үлесін қосты. Сөйтіп, Манаш Қабашұлы шын мәнінде халық перзентіне айналды. Академиктің тәуелсіздік тұсында жарық көрген еңбектері осыған дейінгі 33 жыл бойы жарияланған зерттеулерінен сапа мен мазмұн тұрғысынан да, сан жағынан да асып түсті. Сондықтан да оны егемендіктің, рухани жаңғыруымыздың жаршысы десек, бұл Мәкеңе берілген әділ баға екеніне ешкімнің дауы жоқ. Осы еңбектері бағаланып, ғылым саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды.

Николай Михайлович Карамзин «История Российского государства» деген көлемді еңбегін жазып бітіргенде, оны «Колумб Российской истории» деп марапаттаған екен десек, академик Қозыбаев өзінің 50 жыл бойғы ғылыми өмірінде 800-ден астам еңбек жазып, тарихымыздың бұрын ашылмаған қатпар-қатпар қойнауларын ашып, ел назарына ұсынды. Әсіресе, тәуелсіздік заманындағы жаңа тарих біздің елдігімізді дүние жүзіне жария етті. Ендеше, осындай ерен еңбектің иесі және де тарихшыларымыздың көшбасшысы академик М.Қозыбаевты «Қазақ тарихының Колумбы» десек, оның себебі мен дәлелі молынан бар деп ойлаймын. Әрине, мұндай дәрежеге жетуіне Мәкеңнен бұрынғы тарихшы ағаларымыздың да шығармашылық дайындығы молынан бар еді, бірақ кеңестік идеологиялық құрсау оларға мүмкіндік бермеді. Төл тарихымыздың ақиқатына көшуге тек тәуелсіздік тұсында ғана мүмкіндік туды. Бірнеше ғасырда бір рет қана келетін бұндай мүмкіндікті Мәкең сияқты аса дарынды ғалым толығынан пайдалана білді. Тек қана Мәкең емес, Өзбекәлі Жәнібеков, Кеңес Нұрпейіс, Мәлік Асылбеков, Мәмбет Қойгелдиев, Жанұзақ Қасымбаев, Карл Байпақов, Хангелді Әбжанов, тағы басқа да көрнекті тарихшы ғалымдар осы жаңару, жаңғыру үрдісіне өздерінің үлкен үлесін қосты, әлі де қосуда.

Біз осыған дейін ғалым-тарихшы ретінде Манаш Қабашұлы туралы әңгіме қозғасақ, енді оның талантының екінші бір қыры, яғни жалынды публицист, жанкешті қайраткерлігі туралы айтпай кетуге болмайды. Мәкең тек қана тарих мәселелері емес, еліміздің бүгінгі өмірінің өзекті проблемалары туралы өткір де ұтымды ой айтқан ғалым – публицист. Мынау жаңа заманның бірде-бір құбылысы, олардың шарапаты мен қайшылығы, болмаса халыққа тигізген зардабы Мәкеңнің назарынан тыс қалған жоқ деуге болады. Әсіресе, тәуелсіздіктің елең-алаңындағы экономикалық, әлеуметтік

реформалардың ажары мен көлеңкесі, жаңа үрдіске ілесе алмай берекесі кеткен зиялы қауым, көзді ашып-жұмғанша алдындағы малынан, істеген кәсібінен айырылған қазақ ауылының ауыр халі, кедейшіліктен өрісі тарылған ғылым мен білімнің жағдайы туралы, рухани азғындықтың өрістеп келе жатқаны сияқты бүгінгі тіршілігіміздің елеулі кемшіліктері жайлы санаға сіңімді, жүрекке қонымды мысалдармен жеріне жеткізе жазып та, айтып та жүрді. Оның айтқан өткір пікірлері көпшілікті елең еткізбей қоймады, сондықтан да Мәкенді қалың жұртшылық ұлт ұлағатының жаршысы ретінде, табанды қоғам қайраткері ретінде жақсы білді. Сондықтан да оның жалынды, өткір публицистикасы оқырманның сезімін сергітіп, ойын оятты. Иә, оның қуатты сөзі еліміздің тәуелсіздігін сақтап, нығайта беруге жұртты құштарландыра, белсендіре түсуге жетеледі. Ендеше, Мәкенді Елбасы Н.Ә.Назарбаев жүргізген мемлекеттік саясаттың, егемендіктің жаршысы, белсене қолдаушысы болды деуге толық негізіміз бар.

Публицистиканың бастауы, оның жалынды болуы шешендік, көсемсөздік шеберлікпен байланысты екені баршамызға мәлім. Көсемсөздік шеберліктің негізінде туған публицистика қай кезеңде болса да ойынды тербетіп, сананды өткірлейтін, ұрпақтан ұрпаққа жететін бағасы жоқ мұра. Сондықтан да сонау ықылым заманнан бері Демосфен мен Цицеронның, олардан кейінгі Вольтер, Руссо, Дидроның, өз ұлтымыздың даналары Бұхар жыраудың, Ахмет Байтұсынов пен Әлихан Бөкейхановтың ұтымды да өткір, сыры терең нақыл сөздері баршамыздың ортақ мұрамыз болып келе жатқан жоқ па. Бүгінгі заманда Ғабит Мүсіреповтің, Зейнолла Қабдоловтың, Әбіш Кекілбайұлының, Манаш Қабашұлының көсемсөздің майталман шеберлері екендігіне ешкім шек келтірмейді. Сондықтан да олардың еңбегі тек қана біздің емес, келешек ұрпақтың құрметіне де әбден лайық.

Манаш Қабашұлы жоғарыда айтқанымыздай, академиялық ғылымның сардарларының бірі емес, бірегейі. Мәкең қоғамтану ғылымының туын ұстаған академиктер Салық Зиманов, Әбдуали Қайдаров, Серік Қирабаев, т.б. ағаларымен бірге, Канекең – Қаныш Сәтбаев жасақтаған ғылымдағы ұлы шоғырдың жалғасы іспетті, даналар құрған академия шаңырағын жанымен, арымен қорғаған ғалым. Сондай-ақ ол Қаныш Сәтбаевтың мұрасын түгендеуге қомақты үлесін қосып кетті.

Манаш Қабашұлының ғұмырнама саласындағы елеулі еңбегін де айтуымыз керек. Ғалым дала өркениетінің шежірешісі Мырза Мұхамед Хайдар Дулати, ортағасырлық түркі жазба тарихының көрнекті өкілі Қадырғали бек Жалайыр, Тұран өлкесінің перзенті Жалаңтөс, Исатай, Махамбет, Хан Кене, Шақшақ Жәнібек, Қарасай батыр сияқты қазақ халқының тұғырлы тұлғалары туралы ауқымды пікірлер айта білді. Кешегі Алаш қозғалысы, оның көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, өткендегі зұлмат заманның құрбаны болған ұлт перзенттері Смағұл Садуақасов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов туралы көлемді мақалалар жариялады. Өз көзімен көрген аяулы ағалары, біртуар азаматтар Мұхтар Әуезов, Ермахан Бекмаханов, Ілияс Омаров, Шаһмардан Есенов, Өзбекәлі Жәнібеков сияқты жалпы саны жүзге жуық қазақ зиялыларының бейнелерін жасап, олардың тарихтағы орнын анықтап, тұғырына қондыруға ерекше атсалысқан да Манаш Қабашұлы. Бұны біз қазақ зиялыларының ғұмырнамасын зерттеудегі жаңа сөз, ұлттық зиялы қауымның ғылыми тарихын жасаудағы Манаш Қозыбаевтың қосқан дербес үлесі деуіміз дұрыс.

Осы ғұмырнамаға байланысты Манаш Қабашұлының орындай алмай кеткен арманын, осы саладағы ол көрсеткен кейбір кемшіліктерді де айтпай кетуге болмайды. «Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қойдық. Зиялы қауым – ұлттың ұйтқысы. Ол барша халықты қоса да, ыдырата алады. Қазақ зиялылары тарихы шын мәнінде ұлт тарихы екендігін айтқан орынды. Сондықтан зиялы қауым кім, ол қай заманда жеке тап болып немесе топ болып қалыптасты, қандай кезеңдерді басынан кешірді, қазақ зиялыларының өркениетке қосқан үлесі қандай? – деген сияқты келелі сауалдарға жауап беруіміз керек. Бұл үшін зиялы қауым тарихымен айналысар жас, албырт буын тәрбиелеуіміз керек» дейтін еді Мәкең. Ғалымның осы арманын орындаудың

бүгінгі таңда да маңызы зор, бұл тарихшылар қауымының келешектегі үлкен бір міндеті десек болады.

Өлім – екі түрлі. Бірі – табиғи өлім. Екіншісі – рухани өлім. Біздің мақсатымыз, шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу. Сондықтан да тарихшы шындықтың құлы, ардың пірі болуы керек. Осыларды айта келе, Мәкең ғұмырнама жанрында етек жайып бара жатқан, өз сөзімен айтқанда «қазақшылық сарынға» қатты қиналатын еді.

«Ғұмырнамада қазақтық және қазақшылық сарын қатар орын алып келеді. Қазақтық дегеніміз – ұлттық қасиет, ұлттың менталитетін, ата-салтын, дәстүрін ұстауға, дамытуға, насихаттауға бағытталған патриоттық сезім, іс-әрекет. Ал қазақшылық дегеніміз – ұлттық қасиетті бұрмалау, оған шылықты қосу, былапыттау, қазақтықты басқа халықтар есебінен өсіремін деп лепіру, басқаша айтқанда, қазақтыққа ұлтшылдық сарын беру, тап, ру, тайпа территориясымен шектелген патриотизмнің сепаратизмге ұласуы. Бұл өте қауіпті үрдіс» деп тебіренетін еді Манаш Қабашұлы. Атақты тарихшының осы бір ескертулерін де жадымыздан шығармағанымыз жөн.

Мәкең – ұлағатты ұстаз еді. Артына ерген ормандай шәкірттерінің ішінде 90-ға жуық ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары бар. Мәкеңнің сөзімен айтқанда, ұстаз шәкірттің рухани әкесі. Көптеген жастарға Мәкең осындай рухани әке бола білді. Аз ғана жылдар ішінде тәуелсіз Қазақстан тарихының күрделі проблемаларын зерттейтін ғылыми мектеп бой көтерді. Ғалымның көптеген шәкірттері биік лауазым иелері, олардың ішінде шетел азаматтары да баршылық.

Манаш Қозыбаевтың шебер ұйымдастырушылық қабілетін де айтуымыз керек. Академиктің бұл қыры оның өзі қызмет істеген ұжымдарда, әсіресе Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын көп жылдар басқару ісінде, еліміздегі белгілі қоғамтанушылардың басын қосып, Қазақстанның жаңа бес томдық академиялық тарихын жасау ісіне жұмылдыра білуінен айқын көрінді. Бүгін осы бес томдық тарих университет студенттері үшін негізгі оқу құралы болып отыр.

Жоғарыда Манаш Қабашұлы мемлекет және қоғам қайраткері дедік. Республика Жоғары Кеңесінің депутаты болып жүріп Егемендік, Тәуелсіздік, Азаматтық туралы заңдарды әзірлеуге белсене атсалысты. «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заңның жобасын ұсынды, тұңғыш Ата Заңымыздың жобасын жасаушылар тобында болды, Президенттің қасындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңестің, тағы да басқа гуманитарлық өзекті мәселелерге байланысты көптеген комиссиялардың мүшесі болды. Иә, тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылы ішінде республика көлеміндегі саяси-қоғамдық мәні бар оқиғалар Мәкеңнің белсене қатысуымен өтіп жүрді. Тарихи-ағартушы «Әділет» қоғамының президенті Манаш Қабашұлы Қасірет кітабын, репрессия құрбандарына ескерткіш орнату ісін басқарды. Мәкеңнің басшылығымен елімізде жаңа тарихи сананы қалыптастырудың концепциясы жасалды. Қорыта айтқанда, Манаш Қабашұлы ғалым-тарихшы ғана емес, көрнекті қоғам қайраткері, тәуелсіздігімізді нығайтуға атсалысқан белгілі саясаткер. Оның қайраткерлігі, азаматтық келбеті алыстан бой көрсетіп тұрды. Қоғамдағы зор еңбегі үшін Мәкеңе республика Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығы берілді.

Мәкеңнің жары Сара Пішенбайқызы 40 жылдан аса уақыт жоғары мектептің майталман ұстазы бола тұра, жарының ұшан-теңіз еңбегінің қамқоршысы да, қолдаушысы да, тірегі де бола білді. Қозыбаевтар әулетінен өрбіген Ілияс, Гүлшат ғылымда әке жолын қуып келе жатқан өскелең азаматтар. Сұхбат кезінде бір ағайын Мәкеңе: «сіз немерелеріңіздің бәрін де жақсы көресіз. Дегенмен солардың қайсысы сіз үшін ерекше ыстық?» деп сұрақ қойғанда: «Мен олардың бәрін де сүйемін. Әрқайсысының орны бөлек. Ардақ – тұңғыш жиен немерем, Ақботам – өз немерелерімнің алды. Ардақ пен екеуін бөле алмаймын. Ақеркемнің жаны нәзік, Айдын – ақылды тентек, ал Алмас болса ерке, әзірше кенжетай, бауырымда. Оның қылығы елжіретпей қоймайды» деген екен ол өз жауабында. Бір айта кететін жәйт, бүгінгі таңда да Мәкеңнің әулеті өсіп-өніп, көбейіп отыр. Ақботасының шаңырақ құрғанын әттең, атасы көре алмады.

Манаш Қабашұлы зор парасат иесі болатын. Жайма-шуақ жаны бар, таза сақталған ары бар, ұлтын сүйген қызу қаны бар Манаш ағамыз айналасына жақсылықтың нұрын шашып, маңайына ізгіліктің сәулесін төгетін еді.

Осындай сегіз қырлы, бір сырлы, есімі шартарапқа жайылған Манаш Қабашұлының өз заманындағы, өз қоғамындағы алған орнын бір ауыз сөзбен-ақ айқындауға болады. Ол – тұлға, ерекше тұлға. Мәкеңнің өз сөзімен айтқанда, тұлға дегеніміз – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, қажымас күш-қайратымен, басқаша айтқанда, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесіне ұштастырумен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан. Осы ізгі қасиеттердің бәрі Мәкеңнің бойында болды, мұндай тұлғалар күнде туа бермейді.

Осы мақаланың авторы үшін де Манаш Қабашұлының орны бөлек еді. Жас күнімнен соңына ертіп, даналығы мен парасатын аямай, азамат болуыма өлшеусіз үлес қосқан ағам еді. Сондықтан да оның есімі біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады.

Академик Қозыбаев артына ешқашан ескірмейтін және өшпейтін ескерткіш қалдырды. Ол – Мәкеңнің тарихтың қатпар-қатпар қойнауларын ашуға арналған еңбектері, ол – ұлт өркениетін, өскелең ұрпақтың тарихи санасын шыңдауға арналған туындылары, ол – ұшқыр да өткір қаламынан туған еліне, Отанына деген абзал ниеті, арман-тілектері.

Сондықтан да оның есімі елдің аузында болса, өшпес орны – тарихта.

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.
<https://egemen.kz/article/ult-ulagatynyn-zharshysy>